

А.М. Нұрбеков

Қазақстан Республикасы ИМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы
(E-mail: general_nurbekov@mail.ru)

Автокөлік құралдарын ұрлау және құқыққа сыйымсыз иеленіп алу құқық бұзушылықтарын алдын алу мен ашуда ақпараттық технологияларды қолдану мәселелері жөнінде

Мақала қазіргі таңдағы өзекті тақырып — көлік құралдарын ұрлау немесе құқыққа сыйымсыз иеленіп алу құқық бұзушылықтарының алдын алу мен ашу мәселелеріне арналған. Автор көлік құралдарын ұрлау және құқыққа сыйымсыз иеленіп алу құқық бұзушылықтарының алдын алу мен ашуда ақпараттық технологияларды қолдану мәселелерін нақтылап көрсетіп, өздерінің құрған ugonstop.kz сайт туралы ақпарат беріп отыр. Аталған сайттың көлік құралын ұрлау немесе құқыққа сыйымсыз иеленіп алу құқық бұзушылығының алдын алу мен оны тергеуді жүргізу үшін бірден бір пайдасы тиетін сайт екенін атап өткен.

Кілт сөздер: құқық бұзушылық, бөтеннің мүлкін ұрлау, көлік құралдарын иемдену, ақпараттық технология, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы, әлеуметтік желілер.

«Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсу, реформалар, даму» Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауының талаптары аясында [1] ағымдағы кезеңде және жақын болашақта ішкі істер органдарының қызметі шоғырлануы тиіс, бәрінен бұрын терроризмге және экстремизмге қарсы іс-қимыл жасау, оның ішінде сенімді құқықтық тәртіпті күшейту, бөтен мүлікті ұрлау құқық бұзушылықтарының алдын алу, болдырмау және күресті күшейту, заңдылық пен тәртіпті нығайту, сондай-ақ ішкі істер органдарына халықтың сену деңгейін арттыру мақсатында ауқымды шаралар атқарылуы қажет [2].

Соңғы жылдары тіркелген бөтен мүлікті ұрлау бойынша құқық бұзушылық санының өсуінің тұрақты үрдісі сақталуда. Бұл ретте жалпы қылмыстылық құрылымында ұрлықтардың үлес салмағы бұрынғысынша едәуір, ал құқық бұзушылықтың осы түрін ескерту жөніндегі шаралардың тиімділігі жеткіліксіз болып отыр.

Егер 2000 жж. полиция жыл сайын шамамен 55–60 мың ұрлықты тіркесе, 2011 ж. бастап 2014 ж. дейінгі кезеңде: 2011 ж. 121617-ден 2014 ж. 227411-ке дейін қылмыстар тіркелген.

Бүгінгі таңда ұрлықтар құрылымында 3,32 % автокөлік ұрлығы құрайды. Бұл көрсеткіш бір қарағанда аз болып көрінгенімен, құқық бұзушылықтан ірі зиян келтірілгендіктен, аталған құқық бұзушылық құқық қорғау органдарындағы өте өзекті мәселелердің бірі болып табылады.


Автокөлікті ұрлау және айдап кетудің саны азаймай отыр. Бір ғана мысал келтіретін болсақ, 2014 ж. 4625 автокөлік ұрланған, олардың іс жүзінде әрбір төртіншісі табылмай қалған. Автокөліктерді ұрлау фактісі бойынша тіркелген ауыр қылмыстық істердің сотқа небары 52-сі жолданған [3]. Ал автокөліктерді айдап кету құқық бұзушылықтарына келер болсақ, 2015 ж. 3785 құқық бұзушылық тіркеліп, 2047 тұлғаның үстінен қылмыстық іс қозғалған, небары 605 (29,56 %) қылмыстық іс сотқа жолданған, Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің [4] 35 және 36-б. 1-б. 3), 4), 9), 10), 11), 12)-тармақтарына сәйкес, 1439 (70,29%) қылмыстық іс, сонымен қатар аталған Кодекстің 518-б. сәйкес 3 (0,14%) қылмыстық іс қысқартылған [5].

Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасының жанындағы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің есептері (ҚСЖАЕКЕ) мәліметтеріне және жүргізілген талдауға сәйкес, соңғы бес жыл ішінде автокөлік құралдарын ұрлау және айдап кету құқық бұзушылықтары бойынша келесідей көрініс айқындалады:

- 2010 ж. — 59988 ұрлық, оның ішінде 2264 — ұрланған көлік құралдары, айдап әкетілгені — 2151;
- 2011 ж. — 121617 ұрлық, оның ішінде 3122 — ұрланған көлік құралдары, айдап әкетілгені — 2930;
- 2012 ж. — 178461 ұрлық, оның ішінде 5734 — ұрланған көлік құралдары, айдап әкетілгені — 4116;

- 2013 ж. — 226450 ұрлық, оның ішінде 6719 — ұрланған көлік құралдары, айдап әкетілгені — 4461;
- 2014 ж. — 227411 ұрлық, оның ішінде 7545 — ұрланған көлік құралдары, айдап әкетілгені — 3855;

2010–2014 жж. аралығындағы автокөлік ұрлығы мен құқыққа сыйымсыз иелену құқық бұзушылығының диаграммасы төмендегі (суретте көрсетілген).



Сурет. Автокөлік ұрлығы мен құқыққа сыйымсыз иелену құқық бұзушылығының диаграммасы

Статистикалық мәліметтер көрсетіп отырғандай, аталған құқық бұзушылықтың жыл сайын қарқынды түрде өсіп отыру үдерісін бақылаймыз. Алайда бұл жерде тоқтала кететін тағы бір жағдай, өздеріңіз байқап отырғандай, көрсетілген диаграммада автокөлік ұрлығының 2015 ж. статистикалық көрсеткіші жоқ, мұның бірден бір себебі, Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасының жанындағы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің есептері бойынша, берілген мәліметтерде ұрлық құқық бұзушылығы (ҚР ҚК-нің 188-б.) жіктелмей, яғни бұрын автокөлік ұрлығы немесе мал ұрлығы, ұялы телефондар ұрлығы деп жеке-жеке жіктеліп жазылатын, ал қазір түрлері бойынша бөлінбей жалпылама түрде көрсетілуі, біз үшін қызығушылық туғызып отырған автокөлік ұрлығына байланысты 2015 ж. және 2016 ж. өткен айлары бойынша жасалған құқық бұзушылықтар жайлы толық мәлімет алу мүмкіндігінен айырып отырғандығын айтқымыз келеді. Біздің пікіріміз бойынша, құқық бұзушылықтар жайлы статистикалық мәліметтердің бұрынғы кестесімен жұмыс істеу өте қарапайым әрі түсінікті болатын. Сондықтан берілген диаграмма бойынша 2015 ж. автокөлік ұрлығына байланысты нақты мәліметтер беру қиындық туындатып отыр.

Сондай-ақ Қазақстан Республикасы ІІМ тарапынан автомобильді немесе өзге де көлік құралдарын ұрлау және құқыққа сыйымсыз иелену құқық бұзушылықтарын болдырмау, алдын алу және ашу мақсатында көптеген ауқымды шаралар атқарылып жатыр. Сол шаралардың бірі — 2015 ж. 2–3 қыркүйегінде Минск қаласында (Беларусь) ТМД-ға қатысушы-мемлекеттердің Ішкі істер министрлері кеңесінің кезекті 43 отырысы. Қазақстан Республикасы ІІМ баспасөз қызметі мәлімдегендей, отырыс жұмысына ТМД елдері ішкі істер министрліктерінің, полицияларының басшылары, ТМД-ға қатысушы-мемлекеттер аумағында Ұйымдасқан қылмысқа және қылмыстың өзге де қауіпті түрлеріне қарсы күресті үйлестіру бойынша бюроның (ҰҚҚКҮБ) және ТМД Атқару комитетінің басшылық құрамы қатысты. Отырыс барысында делегация басшылары ТМД-ға қатысушы-мемлекеттердің ІІМ (Полиция) ынтымақтасу және өзара әс-қимыл жасасу болашағын, Достастық елдерінің жаңа қауіп-қатерлерге және қауіпсіздікке қатер төндіруге қарсы іс-қимылды, қылмысқа қарсы мемлекетаралық бағдарламалардың іске асыру барысын талқылады.

Ақпараттық технология саласындағы қылмыстарға қарсы күресте ТМД-ға қатысушы елдердің ынтымақтастығы туралы келісімі және осы қылмыстарға қарсы ТМД елдерінің ынтымақтастық бағдарламасының жобасы мақұлданды. ҰҚҚКҮБ мамандандырылған мәліметтер базасының жұмыс істеу тәртібі туралы Нұсқаулық бекітілді.

Сонымен қатар делегация басшылары автокөліктердің ұрлануы, жаңа психикалық белсенді және психотропты заттардың, есірткінің, сонымен қатар осыған ұқсас қауіпті химиялық заттардың айналымға түсу проблемаларын талқылады.

Отырыс барысында сондай-ақ халықаралық бұқаралық спорттық іс-шаралар өткізу кезінде жанкүйерлердің бейресми топтары тарапынан құқыққа қайшы болдырмау мәселелерінде бірлесіп

жұмыс істеудің перспективалары қарастырылды [5]. Барлық сұрақтар бойынша Ішкі істер министрліктері кеңесінің тиісті шешімдері қабылданды.

Аталған шешімдерге сәйкес, Ұйымдасқан қылмысқа және қылмыстың өзге де қауіпті түрлеріне қарсы күресті үйлестіру бойынша бюро мен ТМД-ға қатысушы-мемлекеттердің ПМ (Полиция) біріге отырып, ТМД елдерінің аумағындағы жоғалған көлік құралдарын іздеудің қазіргі кездегі қолданыстағы мемлекетаралық механизмінің тиімділігі сарапталысын, сонымен қатар автомобильді немесе өзге де көлік құралдарын ұрлау және құқыққа сыйымсыз иелену құқық бұзушылықтарына қарсы тұруға арналған мәлімет алмасу жүйесін жетілдіру мақсатында ұсыныс енгізілсін деген тапсырма берілген [6].

Заң шығарушы Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 188- және 200-баптарды қылмыстық заңнамаға енгізудегі мақсаты осы бағыттағы құқық бұзушылықтың жолын кесу және ескерту болса, бұл мақсаттардың құқық қолдану тәжірибесінде тиімді нәтижелерін бермеудің себептерінің бірі кез келген құқық бұзушылық тек арнайы криминологиялық сипаттағы ескерту шарасынан ғана тұрмайтындықтан, бұл мәселені шешуде қоғам азаматтарының рөлін де арттыру қажет деп санаймыз. Осы мақсатта ҚР ПМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының жедел-ізвестіру қызметі кафедрасының профессорлық-оқытушылық құрамы тарапынан аталған құқық бұзушылыққа қарсы күрес жүргізуде, олардың әрекеттерін жетілдіру және қылмыстылықтың алдын алу мақсатында www.ugonstop.kz доменінде тіркеліп, арнайы сайт құрылды, осы сайт негізінде кез келген смартфоннан қолдануға болатын www.ugonstop.kz атты мобильді қосымша (мобильное приложение) құрып жүзеге асыру көзделіп отыр. Сонымен қатар бұл сайт арқылы әр түрлі әлеуметтік желілерге мысалы: Агент Mail.ru, WhatsApp, Viber, ICQ, Twitter, Facebook, Instagram, VK т.б. желілерге қосылып, қылмыстылықтың алдын алу мақсатында халық арасында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізуге және ұрланған немесе айдап әкетілген көлік құралдарына іздеу жариялап, мыңдаған әлеуметтік желі қолданушыларына бір сәтте ақпарат таратып және олардың көмегімен кезекті тәулік ішінде құқық бұзушылықты ашуға немесе жоғалған көлік құралын табуға болар еді. Жоғарыда айтып өткеніміздей, қоғам азаматтарының көмегінің рөлі артып, ПО деген сенімсіздік көзқарастарынан арылудың бірден бір жолы болар еді. Сондай-ақ осы ұсыныс жүзеге асатын болса, іздеуде жүрген автокөліктің басым бөлігін тауып, ашылмай тұрған құқық бұзушылықтар да ашылар еді. Сонымен қатар бұл мобильді қосымшаны Интернет желісі қосылған кез келген жерде және орыс-қазақ тілдерінде бірдей пайдалану мүмкіндігі қарастырылғандықтан, ТМД-ға қатысушы-мемлекеттердің Ішкі істер министрлері кеңесінің мүшелігіне кіретін 11 мемлекет: 1) Қазақстан Республикасы; 2) Ресей; 3) Әзербайжан; 4) Армения; 5) Беларусь; 6) Молдова; 7) Тәжікстан; 8) Түрікменстан; 9) Өзбекстан; 10) Украина; 11) Қырғыз Республикасы аумағында пайдалануға болады.

Сайттың және мобильді қосымшаның жұмыс істеу қағидаты өте қарапайым болады. Кез келген ПО, кеден органдарының қызметкерлері немесе жеке тұлға Интернет желісіне қосылған компьютерден немесе смартфон арқылы кіріп, кеден аумағынан өтетін немесе сатып алайын деген, сонымен қатар күдік тудырған, иесіз тұрған автокөліктің мемлекеттік белгісі мен VIN кодын енгізу арқылы тексере алады. Егер автокөлік сайттың кримсеп базасында тіркелген болып шықса, жақын орналасқан ПО жеткізіп, немесе 102 телефонына қоңырау шала алады, сонымен қатар сайттың өзіндегі кері байланыс рубрикасына хабарлама қалдыра алады, ПО хабар беру жайында экран бетіне «Ішкі істер органдарына хабарлау — Сіздің азаматтық борышыңыз» деген хабарлама шығады. Криминалды автокөлікті тексеріп, бірақ хабарласпаған немесе хабарласуға мүмкіндігі болмаған тұлғаны, тіркелген телефон номері немесе «IP» адресі арқылы тауып, хабарласып, «Іздеуде жүрген автокөлік қандай жағдайда және қай жерде тексерілді?» деп сұрауға болады. ТМД-ға қатысушы-мемлекеттердің Ішкі істер министрлері кеңесінің мүшелігіне кіретін мемлекеттердің ПО мен кеден орган қызметкерлерінің жұмысы едәуір жеңілдеген болар еді.

Қазақстан Республикасы ПМ www.mvd.gov.kz порталының «Криминалды автотокөлік» желісінде көлік құралын тексеру өте күрделі мәселе, себебі онда жалпы ПМ өкілеттігіне енетін қоғамдық өміріміздің барлық саласы қамтылғандығымен, қарапайым халық үшін алдымен толық аты-жөнін, лауазымын, мекенжайын көрсетіп, тіркелгеннің өзінде порталға кіріп қандай да бір мәлімет алу әр уақытта көздеген мақсатына қол жеткізе бермейтіндігімен, әрі көп уақыт алатындығымен күрделі болса, ugonstop.kz деген сайттың мекенжайын теру жеңіл, сондай-ақ көп уақыт алмайтындығымен оңтайлы әрі тиімді деп санаймыз.

Сонымен, қорытындыда келесідей ойлар түйінделеді:

1. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы-мемлекеттердің Ішкі істер министрлері кеңесінің 2015 жылғы 19 қыркүйегіндегі № 781 бұйрығының шешімдерін басшылыққа ала отырып, күнделікті қызмет барысында автокөлік құралдарын ұрлау және айдап кету құқық бұзушылықтарын алдын алу мен ашуда ақпараттық технологияларды қолдануды жүзеге асыру мақсатында өз ұсынысымыз осыған саяды. Қазақстан Республикасы ПМ тарапынан ұсынысымыз қолдау тапса, еліміздегі қылмыстылықпен күресуде аз да болса өз үлесімізді қосқанымыз болар еді. Ақпараттық технологияларды қолдану қазіргі заманның талабы екені даусыз.

2. Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасының жанындағы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің есептері бойынша берілген мәліметтерде 2015 жылдан бастап ұрлық құқық бұзушылығы (ҚР ҚК-нің 188-б.) жіктелмей, яғни автокөлік ұрлығы немесе мал ұрлығы, ұялы телефондар ұрлығы деп жеке-жеке жіктеліп жазылмағандығын жоғарыда атап өткен болатынбыз. Ал қазіргі таңда түрлері бойынша бөлінбей (жіктелмей), жалпылама түрде көрсетілуінен, автокөлік ұрлығына байланысты 2015 ж. және 2016 ж. өткен айлары бойынша жасалған құқық бұзушылықтар жайында толық мәлімет алу мүмкіндігінен айырып отырғандығымызды да айтып өткенбіз. Осы аталған кемшіліктің орын алуына байланысты 2015 жылғы автокөлік ұрлығына байланысты нақты мәліметтер табу қиындық туындатты. Сондықтан аталған кемшілікті түзету қажет деп санаймыз [7].

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсу, реформалар, даму. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2015 жылғы 30 қарашадағы Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан. — № 230. — 2015. — 1 желт.
- 2 Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрілігінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 53 бұйрығымен бекітілген «Ішкі істер органдарының 2015 жылғы жедел-қызмет жұмысының қорытындылары және «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсу, реформалар, даму» Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауының талаптары аясында басым міндеттері туралы» Қазақстан Республикасы ПМ Алқасының 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 1 МА шешімін жариялау туралы бұйрығы // Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрілігінің ағымдық іс жүргізу, 2016 ж.
- 3 Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрілігінің Бөтен мүлікті ұрлауға қарсы іс-қимыл жөніндегі 2015–2017 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы ҚР ПМ 2015 жылғы 28 ақпандағы № 165 бұйрығы. — [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: <http://mvd.gov.kz/portal/page/portal/mvd/MVD>
- 4 Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V ҚРЗ. Интернет ақпарат көздері: «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000231>
- 5 Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасының жанындағы ҚСЖАЕКЕ қылмыстардың ахуалы және жай күйі туралы 2010–2015 жж. мәліметтері. — [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: <http://service.pravstat.kz/portal/page/portal/POPPageGroup/Services/Pravstat>
- 6 Интернет ақпарат көздері: http://www.elarna.com/m/koru_kk.php?id=510110
- 7 ТМД-ға қатысушы-мемлекеттердің Ішкі істер министрлері кеңесінің шешімдерін жариялау туралы ҚР ПМ 2015 жылғы 19 қыркүйегіндегі № 781 бұйрығы // Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрілігінің ағымдық іс жүргізу, 2016 ж.

А.М. Нурбеков

Использование информационных технологий в предупреждении и раскрытии краж и угонов транспортных средств

Статья посвящена актуальной теме — использованию информационных технологий в предупреждении и раскрытии краж и угонов транспортных средств. Автором конкретизировано, какие именно информационные технологии используются в предупреждении и раскрытии правонарушений, связанных с кражами и угонами транспортных средств. В статье также дана полная информация о разработанном автором сайте ugonstop.kz, который способствовал бы предупреждению и раскрытию краж и угонов транспортных средств.

A.M. Nurbekov

The use of IT-technologies in preventing and disclosure of burglaries and thefts of vehicles

The given article is devoted to the important problem — the use of IT-technologies in preventing and disclosure of burglaries and thefts of vehicles. The author stresses upon exact IT-technologies are used in preventing and disclosure of the offences connected with burglaries and thefts of vehicles and gives the detailed information on the development the web-site ugonstop.kz. personally by author.

References

- 1 *Kazakhstan in the new global reality: growth, reform, development. Message from the President of the Republic of Kazakhstan Nursultan Nazarbayev to people of Kazakhstan*, November 30, 2015, Egemen Kazakhstan, 230, 2015, 12, January.
- 2 *22.01.2016 year № 53 order of the Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan «on the basis of operatino-performance internal affairs agencies in 2015 and» Kazakhstan in the new global reality: growth, reform, development «of the most significant orders within the Address of the President of the Republic of Kazakhstan N .Nazarbaeva nation*. November 30, 2015» the order of the decision of the Collegium of the Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan № 1 MA from 01.21.2016 year // Current records management of Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan, 2016.
- 3 *Departmental program of the Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan on counteraction to thefts of another's property in the years 2015–2017 the order № 165 from 02.28.2015 year*, [ER]. Access mode: <http://mvd.gov.kz/portal/page/portal/mvd/MVD>
- 4 *Criminal Procedure Code of the Republic of Kazakhstan. The Code of the Republic of Kazakhstan dated July 4, 2014 No. 231*. Unofficial translation. Internet resource: «Adilet» Legal information system of Regulatory Legal Acts of the Republic of Kazakhstan, [ER]. Access mode: <http://adilet.zan.kz/eng/docs/K140000231>
- 5 *The Code of the Republic of Kazakhstan dated July 4, 2014, No. 231 the Committee on Legal Statistics and Special Records of the General Prosecutor's Office of the Republic of Kazakhstan on the state of crime in the 2010, 2011, 2012, 2013, 2014 2015 years*, [ER]. Access mode: <http://service.pravstat.kz/portal/page/portal/POPageGroup/Services/Pravstat>
- 6 [ER]. Access mode: http://www.elarna.com/m/koru_kk.php?id=510110.
- 7 *Decision of the Council of Ministers of Internal Affairs of the Commonwealth of Independent States. Order of the Ministry vnutrennh Affairs of Kazakhstan №781 from 09.19.2015* // Current records management of Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan, 2016.